

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Өнер және адами дисквалификация





**Мақсаты:** Тобин Зиберстің адами дисквалификация теориясымен танысу, оның бүгінгі таңдағы көрінісін сипаттау.

**Тірек сөздер:** эстетика, мүгедектік, дисквалификация, жәбірлену, өнер.

## Өнер және мүгедектік

«Дегенеративті өнер» көрмесінің маңызды аспектілері көрермендердің ойы бойынша туындауы тиіс жиіркеніш сезімі. Әрине, бұл туындылар – жиіркенішті болатын, себебі онда мүгедектік суреттелді. «Бізді қоршаған ортадан ақылсыздық, ұятсыздық, ақымақтықтың ұсқынсыз бейнесін көреміз», – деп жазылған болатын көрменің экспонаттар каталогында. – «Көрмеде көрсетілгендер бізді жиіркендіріп, үрейлендіреді» («Нацистік қазына»).

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды эстетикалық дисквалификациясы көп уақыт бойы зерттеу нысаны ретінде XIX ғасырдың соңында евгеникамен байланыстырылып, Ұлыбритания, АҚШ және нацистік Германияда өнімсіз стереотиптер, денсаулық сақтау мәселесіндегі пікірталастар, азаматтар құқығы, эвтаназия, некесіз сәбилер, өзіне қол жұмсау, түсік және өмірдің сапасы мәселесінің төңірегінде қаралып келді. Нәсілдік, этникалық, гендерлік және сексуалды ерекшеліктер сапасыз адамдарға тән қасиет деген идеяның аясынан әлдеқашан шыққанымызға қарамастан, әлі күнге дейін жарақат, ауру, мүгедектік, ойлау немесе генетикалық белгілеріне қарай кейбір адамдар төменгі топқа жатқызылуда.

Алайда жекелеген адамдарды ауытқуы бар деп дисквалификациялау басқаша эмоцияларды тудырады. Зиберстің ойынша, қазіргі заманғы өнер мүгедектікті сұлулық, эстетикалық вариацияның жаңа және күшті ресурсы ретінде қаралып жүр. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың денесіндегі эстетикалық ауытқулар немесе бұзылуларға ең алдымен, нацистер көңіл аударды. Қазіргі заманғы өнерде ауытқуларды бейнелеуде айтарлықтай алға жылжулар мен дамулар көрініс беріп жатыр, сондықтан өнер туындыларын тамашалаушы көрермендер оларға жеккөріп немесе аяушылықпен қарауды өздері таңдауы керек. Бір жағынан, қазіргі заманғы өнерде мүмкіндігі шектеулі адамдардың белгілі бір дәрежеде беймәлім аурасы болатыны жиі айтылып келеді. Екінші жағынан, ауытқушылықты білдіретін эстетикалық объектілер айтарлықтай дәрежеде бұзылған, сондықтан кейбір көрермендер «сүйкімсіздік», «ұсқынсыздық» немесе «ауру» секілді ауытқушылықтарға «салауаттылық», «сұлулық» қасиеттерін қарсы қойып отыр. Бүгінгі заман өнері мен мүгедектік – жиіркеніштік сезімінің туындауына, мәдени соғыстар мен қақтығыстарға түрткі болды.

2004 жылы Марк Куинн мүгедектердің жай-күйіне эстетикалық тұжырым ретінде қарауды ұран еткен туындыларды көрмеге қоя бастады. Классикалық мүсін өнерінде адамдар аяқ-қолдарының бірі жоқ болып бейнелене бастады. Алайда онда мұндай ауытқуы бар адамдар – сұлу деп бағаланған. Сондай мәрмәр мүсіннің бірі конкурсқа қатыстырылып, жеңіске жетіп, Лондондағы Трафальгар алаңына патшалар, генералдар, адмирал Нельсон т.б. секілді құрметті тұлғалардың мүсіндерімен қатар қойылған болатын. Жүкті, бірақ бір қолы жоқ, Элисон Лаппердің биіктігі үш метрлік, салмағы он үш тонна құрайтын мүсіні ақ түсті мәрмәрдан соғылған. Куинн Нельсонның колоннасы, Трафальгар алаңындағы орындар – еркектік ескерткіштердің мекені болғандығын, оған әйелдік қасиет жетіспей тұрғанын айтады. Әрине, бұл мүсін біреулердің жиіркенішін тудырғанмен, енді біреулері қызыға қарады. Кейбіреулер бұл әйелдің мүгедектігін қатты сынға алса, енді біреулер адмирал Нельсон да мүгедек болған ғой деген ой тастап, авторды ақтап алуға тырысады. Көріп отырғанымыздай, көрермендер бұл алаңдағы мүсіннің бойындағы ауытқушылыққа деген сезімдерін білдіруде айтарлықтай қиындыққа тап болған.

Куинннің жұмысына сыни пікірлер мүгедектікті өнердің нысаны деп қарамаған жөн деген ойды тұжырымдады. Соған қарамастан, көптеген комментаторлар мүгедектердің физикалық кемшілігіне аяушылық танытып, оң көзқараста болған.

Лаппердің физикалық ерекшеліктері – мүсінді өнердің туындысы ретінде қабылдамауға негіз болмауы керек. Комментаторлар Лапперді психопатологиялық деп бағалайды. Барлық комментаторлар өнер әлемі құлдырау шегінде тұрғанын, әбден шіріп, адамилықтан алыстағанын, тіпті, дертке шалдыққанын айтып бағуда. Мүгедектіктің өнерде пайда болуы – қазіргі заманғы өнердің дертке шалдыққанын көрсететін белгі болды.



Бірақ қазіргі заманғы өнерде мүгедектік сынға алынбаған.

Зиберс қазіргі заманғы өнер мүгедектікті – эстетикалық ұстаным деп біледі. Нацистер модернистік өнерді ауытқу деп біліп, модернизмді дертке шалдыққандай қарады. Бір қолы жоқ, жүкті Элисон Лаппердің мүсіні көрермендердің қазіргі заманғы өнерге деген көзқарасын айқындады: адамның дисквалификациясын эстетикалық төмендету аспектісі ма, жоқ па екенін түсіну. Көрермендердің таңдау құқығы мүмкіндігі шектеулі адамдарды бейнелейтін өнерден бас тарту немесе мүгедекті эстетикалық құндылық деп қабылдауға қарай анықталады.

«Милос Венерасының екі қолы да бар болса, оған ешкім қызығушылық танытпас еді», – дейді Куинн. Ол классикалық мүсіннің туындылары жоғары бағаланса, онда бейнеленген мүсіндер де сұлу деп танылуы керек деп есептейді. Сол сияқты Лаппердің денесін не үшін сұлу деп танылмауы керек?

Анита Сильверс қазіргі заманғы өнер – денедегі деформацияға ерекше назар аударғандықтан, мүгедектерді – сұлу адамдар деп қабылдауға үйрету керек деген ой тастайды. Адамдар Пикассоның «Қуыршағы бар Майя» туындысын – сұлу деп бағалайды, бірақ дәл сол сияқты кішкентай сәбиді көрсе, оған жиіркеніштік танытып жатады. Демек, эстетикалық сұлулықты қабылдау үшін мүмкіндігі шектеулі адамдарға өнер туындысы деп қарау керек. Зиберс «мүмкіндігі шектеулі адамдарды өнер туындысы деп қарау – мүгедектікті қабылдау деген сөз» дейді.

Филадельфиядағы Мюттердің мұражайында медициналық бейнелер, артефактар қойылған. Онда 80 000-ға дейін экспонаттар бар. Мұражайға келушілер экспонаттардың бағаналарында жазылған жазуларға аса мән бере қоймайды. Мюттердің мұражайы 1849 жылы құрылды. Суретке түсіру өнері пайда болған кезден 10 жыл өткен соң да мүмкіндігі шектеулі адамдарға пайда және көңіл көтеру нысаны деп қарау деген пікір болмаған.

Мюттердің мұражайы алғаш рет 1849 жылы сурет өнері пайда болғаннан 10 жыл өткен соң ашылды. Алғашында мүмкіндігі шектеулі адамдардың суреттері мен бейнелерін пайда алу мақсатында қолдану – жабайылық болып көрінгені рас. 2008 жылдың қаңтарында «Ньюсвик» журналы бұл теорияны жоққа шығарған визуалды эссе жариялады. Эсседе мүгедектер туралы 200-ден астам сурет Мюттер мұражайының жаңа каталогында көрерменді визуалды қанағаттандыру мақсатында қолданылғаны жазылған.

Адами дисквалификация эстетикасын көрсету үшін ең ұтымды мысал – медициналық суреттер бола алады.

Медициналық суреттер – өзіндік жеке эстетикалық жанр, оны бөлек алып қарауға болмайды. Медициналық суреттер бірқатар эстетикалық ережелерге бағынады. Мәселен, адамның денесін толық түсіну, сырт келбетін өзгерту, бір затты сериялар суретке түсіру, субъектілер арасындағы салыстырмалы анатомия т.б. Суреттер адамдардың қызығушылығын қанағаттандыру үшін, медициналық мақсатта оқыту үшін қолданылады. Медициналық суреттерде мүгедектердің шынайы бейнесі сипатталған. Мүмкіндігі шектеулі адамдар – ең алдымен, медициналық бейнелер. Медициналық суреттегі бірде-бір адам – денсаулықтың бейнесі бола алмайды. Бұл дегеніміз – медициналық суреттердегі бейнелер медицинаның субъектілері: аурулар, мүгедектер, жаралылар, деформацияланған адамдар. Олар міндетте түрде емдеуді қажет етеді. Медициналық суреттердің идеологиясы – сау әлемді насихаттау. Егер медицина ғылым қарқынды дамитын болса, оның субъектілері де мәңгілікке жойылары хақ.

Әрине, әзірге бұл күн әлі туған жоқ. Медициналық құтқаруды қажет ететін адамдар қоғамда үнемі болып тұрады. Олар қандай және кімдер? Дәрігерлер медициналық көмекке зәру адамдардың суреттерін алып, мұражайлар, мұрағаттар мен журналдарға жариялайтыны неліктен? «Ньюсвик» журналында бойы шектен тыс ұзын және шектен тыс кішкентай адамдар, полиомиелиттер, құрт ауруынан, паразиттік жәндіктерден, рентген сәулелерінен зиян шеккендер, бет-жүздері ұсқынсыз адамдар, тамағына бірдеңе тұрып қалған адамдар, сиаемгіздерінің сүйектері т.б. бейнеленді. Бұл жинақ – басқа да медициналық жинақтар секілді кез келген адамды белгілі бір топқа не үшін жіктейтініне толық түсініктеме бере қоймайды. Мәселе – мүгедектікті қабылдаудағы тұрақсыздықта. Адамдар белгілі бір қасиеті не белгілеріне қарай мүгедек деп танылмай, бір топқа жіктеліп жатса, шынайы мүгедектер де іштей топтарға жіктеліп жатады. Жалпы алғанда, адами дисквалификация дұрыс өрбіп жатқан жоқ.



Медицинадағы басты деңгей – денсаулық болғандықтан, медициналық суреттер кез келген ауытқуды шектен тыс күшейтіп не асыра сілтей көрсетеді. Адами дисквалификация адамның сыртқы келбетіне негізделсе, аса ақтала қоймайды.

Орыс формалистері өнерді эстетикалық техника деп қабылдайды. Өнер ең алдымен – ғажайып дүниені қалыптастыру тәсілі. Шеттету дегеніміз – таныс дүние не адамдардың бейтаныс және таңғажайып саналуы (Шкловский). Пикассоның кубизмі – осы айтылғандарға керемет мысал бола алады, бірақ мүгедектік пен оғаштықты бір-бірінен бірден ажырата салу – қиынға соғып жатады. Себебі қазіргі заман өнері мүгедектікті эстетикалық сұлулықты ерекшелеп көрсету үшін пайдаланып жүр. Орыс формалистері медициналық суреттерді – таным тәсілі деп қабылдамайды, бірақ медициналық суреттер – оғаштықты көрсетудің бір түрі болып табылатынын айтады. Адамды медициналық оғаштық деп көрсету әдетте, суреттің техникасына, адамның сыртқы келбетін өзгерту қабілетіне, контекст құрып, ассоциация жасай алуына негізделеді.

Оғаш бейнелерді құру өнері Ньюсвиктің эссесінде бірінші бетінен-ақ демонстрацияланып тұр. Журналда медициналық суреттерді қолдану – субъектілерді дисквалификациялау үшін пайдаланылғанын көреміз. Эссенің мазмұнына өтпес бұрын, бастары бір-біріне жабысып біткен екі егіздің үлкейтілген суреттері бейнеленген. Эссенің мәтіні кішкентай көлемде, ал суреттер бірден көзге түседі. Оқырман эссенің не туралы екенін осы суреттен-ақ бірден түсіне қояды. Қалыптан тыс жаратылған бұл егіздерді медицинада «эктопаг» деп атапты. Бұл үрей мен аяушылық тудыратын бейнеге қарап, Ньюсвик «ұсқынсыздар шоуын» жалғастырып, оның көрмелері төмен қабатта тұрған адамдардың «бақытсыздығынан» ләззат пен пайда алу мақсатын көздегенін саналы адам бірден түсіне қояды.

Журналдағы екінші сурет – бойлары әртүрлі төрт адам. Кіріспесінде Генри Маллинс: ұзын бойлы адам туралы: «Бойы – 2, 3 метр, салмағы – 127 кг болған бұл адам киноға түсіп, сахнаға шығып тұрған» десе, Ньюсвик бойы кішкентай адам туралы ештеңе ашып жазбай қоя салады. Олармен салыстырмалы түрде, бойларында айтарлықтай ауытқушылық жоқ екі адамның суреті не үшін тұр деңіз?! Бұл – ұзын бойлы мен қысқа бойлының кемшілігін салыстыра көрсету үшін жасалған. Келесі сурет – адамдардың арасындағы мәдени және нәсілдік айырмашылықты көрсетіп, оны медициналық оғаштық деп дәлелдеуге жасалған талпыныс деуге болады. Суретте қытай дворянының сол қолы көрсетілген: саусақтарының тырнақтарының ұзақтығы 13–17 см.

Келесі сурет – полиомелиттен зиян шеккен кішкентай бала. Бір қарағанда, оның бойында айтарлықтай физикалық деформация жоқ сияқты. Содан кейін көрерменнің көзіне оң аяғындағы ортопедиялық аяқкиім көзге түседі. Демек, бұл балада бір ауытқу бар дегенді көрсетіп тұр. Сол кезде медициналық оғаштық деп танылған кейбір өзгерістер бүгінде қалыпты қабылданып келуде. Мәселен, 1920 жылдары Франклин Д. Рузвельт шалдыққан полиомиелит – қазіргі Америка штаттарында аса бір қорқынышты ауытқушылық емес.

Келесі – қышыма ауруын тудырушы бактерияларды 150 диаметрге дейін үлкейтілген сурет. Қышыма – әдетте жылқыларда жиі кездесетін ауру. Мұндай бактерияларды көрмеге қою – медицинаның технологиялық қабілетін көрсету мақсатын көздеген. Бірнеше есе үлкейтілген бактериялар көрерменнің үрейі мен жиіркенішін тудырады. Суреттің төменгі жағына: «Қорықпаңыздар, бұл шынайы көлемі емес!» деп жазылған. Аурудың алыста еместігін ескерту үшін ары қарай былай жазылған: «Паразитті кене жылқының терісінің астында өмір сүреді. Жетіле келе, олар жылқының терісін қышыта бастайды. Тері инфекциясы жылқыны ерттеп мінгендерге жұғуы мүмкін».

Медицинада мүгедек – әлеуметтік ортадағы емес, жеке адам бойындағы кемшілік екеніне ерекше сілтеме жасалып отырады. Медициналық ауытқушылық бар адамдар – әлеуметтік ортадағы дені сау адамдардан бір саты төмен тұрады, былайша айтқанда, жануарлар мен жәндіктер секілді қатарға түсірілген. Көрмедегі паразитті кене не үшін көрсетілген деп ойлайсыз? Мүмкіндігі шектеулі адамдар – экологиялық қабаттың ең төменгі жағында тұруы керектігін, олар бактериялар секілді әлеуметтік ортаны білдірмей бұзады деген түсінік қалыптастырмақ.

Қазіргі заманғы өнер мүгедектікті өнерде қалай мойындау керектігін міндет етсе, медициналық суреттер мүгедектіктен қандай өнер көруге болатынын көрсетуді міндет етеді. Адами дисквалификация эстетикасы мүгедектік не ауытқушылығы бар белгілер көрсетілген өнерден бас тартуды ұсынады.



## Қорытынды

1998 жылдың ақпан айында «Нью-Йорк Пресс» Нора Винсенттің эссесін жариялады. Автор мүгедектікте зерттеу пәнін сынға алады. Мүгедектікті зерттеу жеке пән ретінде дами алмай отыр. Оған себеп – зерттеушілердің әлсіздігі мен жауапкершіліксіздігі. Винсент мүгедекті зерттеуге академиялық мансапқұмарлар, «екінші сұрыпты» немесе «психологиялық ауытқыған» адамдар ден қойып жүр жеп есептейді. Зиберс Винсентті мүгедектікті зерттеуді дискредитациялауға қатты көңіл бөліп, ғалымдарды интеллектуалды әлсіз немесе психологиялық тұрақсыз деп қабылдаған деп сынады. Винсент мүгедектікті зерттеу мамандарымен сұхбаттасып отырып, бар назарын олардың психикалық әлсіз тұстарын табуға жұмсайтынын, олардың мүгедектікті зерттеу саласына қосқан үлесін қалт жіберіп отыр деп есептейді. Леннард Дэвис мүгедектік туралы сөйлесе, дереу өзінің тақуалығы немесе мейірімі туралы айта бастайды деп көрсетті Винсент. Ал келесі бір ғалым Майкл Беруб мүгедектердің құқығы туралы сөз еткенде, дауысы «жұмсарып, аянышты» шығады деп сынады. Мүгедектікті зерттеу университетте қаралатын сала болмауы керек, әрі өзін бағалай білген ешбір ғалым бұл салада қалам тартпағаны дұрыс деп пайымдайды Винсент.

Винсент мүмкіндігі шектеулі адамдарды дисквалификациялағысы келді деген күдік болса, онда оның эссесіне жазылған карикатура оның мақсатын айқындай түскен. Гэри Лейб салған карикатурада мүгедектер креслосына таңылған ер кісіні униформа киген медбикенің ұстап тұрғаны бейнеленген. Лейб суреттің эстетикалық сипатын ерекшелеп көрсеткісі келген: мүгедек адамдар кемшілігіне қарамастан, қалыпты, дені сау адамдарға қарағанда, бай болып, бақуатты өмір сүруі мүмкін. Мәселен, мына креслода отырған мүгедек кісінің қолында сигара, бір жағынан мартини құйылған бокалы бар. Медбике креслоны ұстап тұр, көздері – мұңлы, киімі тәніне жабысып тұр. Бұл жерде Лейб мүгедекті – нацистік солдат ретінде көрсеткісі келген. Мүгедектің қолында монокль бар, көргендерге СС офицерінің бейнесін елестетеді. Карикатураның басты міндеті – кедей, төмен топта тұрған, өмір сүруге де лайықсыз деп саналатын мүмкіндігі шектеулі адамдардың байлыққа және басқаларға билік етуге қол жеткізе алатынын көрсету. Әрине, көрермен бұл суреттегі мүгедекті нацист деп қабылдайды. Нацистер – бір сөзімізде айтқандай, өзге адамдарды өздерінен төменгі сатыда тұр деп менсінбей қараған. Қаншалықты дәрежеде мүмкіндігі шектеулі болса да, мына суреттегі адам бүкіл әлемге билік етіп тұрғандай...

Қорыта келе, Тобин Зиберстің Гэри Лейб және басқа да мүмкіндігі шектеулі адамдарды дисквалификациялау үшін басқа да тұлғалардың музыкасы немесе карикатурасын көріп тұрып, қойған үш сұрағын келтірейік: Адамды дисквалификацияламай-ақ, оны ауру деп атаудың мәні неде? Көркем туындыны дисквалификациямай-ақ, оны дертке ұшыраған деп атаудың мәні неде? Осы екі сұрақтың арасында қандай өзара байланыс бар? Адами дисквалификация эстетикасын қолдана отырып, осы үш сұраққа нақты жауап алуға болмас. Мәселенің шешімін табу үшін эстетика, дисквалификация және жәбірлеу секілді құбылыстардың арасындағы байланысты саралау керек.

## Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Қазіргі заманғы көрермендер бейнелеу өнері туындыларындағы мүгедектің бейнеленуіне қалай қарайды?
2. Қазіргі заманғы өнердің мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген көзқарасты өзгерту күші мен мүмкіндігі бар ма?

## Әдебиеттер

1. Reynolds Nigel. Disabled Mother Wins Battle of Trafalgar Square. – Sidney Morning Herald. – 2004. – March 18. [www.smh.com.au/articles/2004/03/17/1079199293170.html?from=storyrhs](http://www.smh.com.au/articles/2004/03/17/1079199293170.html?from=storyrhs)



2. <http://www.newsweek.com/id/77018?GT1=10755>
3. Vincent Norah. Disability Chic: Yet Another Academic Fad. – New York Press, 1998. – February 11–17.